

## Біртілек ауылдық округі Игілік ауылындағы атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігі Біртілек ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 21 қазандағы N 42 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 23 қарашада N 14-11-154 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, Игілік ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Біртілек ауылдық округі Игілік ауылындағы атауы жоқ көшеге «Мырзахметов Рүстем» атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауылдық округ әкімінің орынбасары А.Қалдыбаева жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*К.Халық*